

Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 1993 жылғы 22 қазан N 3500. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.01.12. N 521 Заңымен.

Бұл Заң, қорғаныс толымдылығы принципіне сәйкес, әскери тапсырыстар көлемінің азаюы немесе болмауы және осыған байланысты кәсіпорындардың өндірістік қуаттары мен ғылыми-техникалық әлеуетінің конверсиялануы жағдайында халық шаруашылығының қорғаныс және онымен сабақтас салаларындағы кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдар қызметінің құқылық, ұйымдық және әлеуметтік-экономикалық негіздерін белгілейді.

Заң республикалық және жергілікті өкілді және атқарушы өкімет органдарының конверсиялау барысында кәсіпорындармен, бірлестіктермен және ұйымдармен қатынастарын реттейді, нарықтық қатынастарға өту жағдайында оған барлық қатысушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Заң конверсиялау ісін жүргізу кезінде туындайтын құқылық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу тәртібін анықтайды және конверсияланатын кәсіпорындардың ғылыми-техникалық әлеуетін, өндірістік қуаттары мен еңбек ресурстарын азаматтық мұқтаждарды қанағаттандыру үшін тиімді пайдалануға бағытталған.

1-тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

1. Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау дегеніміз қорғаныс және онымен сабақтас кәсіпорындардың бірлестіктер мен ұйымдардың босаған өндірістік қуаттары мен ғылыми-техникалық әлеуетін әскери мұқтаждардан азаматтық мұқтаждарға ішінара немесе толығымен қайта бағдарлау.

2. Конверсияланатын кәсіпорындарға, меншік нысанына қарамастан, қару-жарақты, әскери техника мен ұрыс құралдарын, жинақтаушы бұйымдар мен материалдарды, олар үшін арнаулы технологияны жасау, зерттеу, әзірлеу, сынау, жаңғырту, жөндеу, қызмет көрсету және кәдеге жарау ісімен, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы жасау үшін қолданылатын шикізат пен материалдардың уран және басқа да арнаулы түрлерін барлау, өндіру, ұқсату, сақтау және кәдеге жарату ісімен шұғылданатын өндірістік, ғылыми-өндірістік кәсіпорындар, бірлестіктер, конструкторлық немесе ғылыми-зерттеу ұйымдары,

ғылыми-сынау полигондары жатады, бірақ бұл кәсіпорындарда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қабылдаған шешімдерге сәйкес аталған қызмет түбегейлі қысқартылса немесе тоқтатылса, осыған байланысты азаматтық өнімдер шығаруды игеру немесе айтарлықтай молайту шаралары жүзеге асырылуы керек.

Қайта бейімдеу мүмкін еместігі немесе тиімсіздігі себепті жабу (тарату) туралы шешім қабылданған қорғаныс және онымен сабақтас кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдарда конверсияланады деп танылады.

2-тарау

Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялауды басқару

2-бап. Конверсиялау бағдарламасы

Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық конверсиялау бағдарламаларына, республикалық конверсиялау бағдарламалары мен аймақтық бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады. Республикалық конверсиялау бағдарламаларын кәсіпорындардың, министрліктер мен ведомстволардың ұсынуы мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі әзірлеп, Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Аумақтық конверсиялау бағдарламаларын облыстық әкімшіліктер әзірлейді және олар республикалық конверсиялау бағдарламасына құрамдас бөлік ретінде кіреді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті конверсияланатын кәсіпорындардың тізбесін жыл сайын бекітіп отырады.

3-бап. Конверсиялауды басқару принциптері

1. Конверсияланатын кәсіпорындар жұмысының басты принципі қорғаныс кешенінің жоғары технологияларын дүниежүзілік рынокта бәсекеге қабілетті азаматтық өнімдер өндіру үшін пайдалану болып табылады.

2. Қорғаныс өнеркәсібінің конверсиялау нәтижесінде босайтын ғылыми-техникалық әлеуеті өндірістік қуаттары мен еңбек ресурстары Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұлттық бағдарламаларын орындауға, ішкі рынок қажеттерін қанағаттандыратын және экспорттық әуелетті арттыратын азаматтық өнімдер өндіруде ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын жүзеге асыруға тартылады.

3. Конверсиялау барысында әскери толымдылық принципі негізінде және Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сәйкес жұмылдырушылық қуаттарды сақтау қамтамасыз етіледі.

4. Конверсиялауды жүргізу кезінде конверсияланатын кәсіпорындардың қызметкерлерін әлеуметтік қорғаудың арнаулы шаралары қолданылады.

4-бап. Қорғаныс тапсырысы мен конверсиялауды жоспарлау

1. Қазақстан Республикасының бекітілген әскери доктринасы негізінде Министрлер Кабинеті (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер, қауіпсіздік органдары және құқық қорғау органдары үшін) қару-жарақ пен әскери техниканы дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламаларын, жұмылдыру қуаттарын құру, сақтау және дамыту бағдарламаларын талдап жасайды.

Осы бағдарламаларға сәйкес ұзақ мерзімді шарттар жасалады және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тәртіппен қорғаныс тапсырысы бекітіледі. Аталған ұзақ мерзімді бағдарламалар конверсиялау бағдарламаларын әзірлеу үшін де пайдаланылып, конверсиялауды жоспарлау мен өндірісті ұйымдастыру мақсатында конверсияланатын мүдделі кәсіпорындарға ж е т к і з і л е д і .

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған бюджетке сәйкес Министрлер Кабинеті қару-жарақ пен әскери техника сатып алу көлемін және осының негізінде қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарында конверсиялауды жүргізу тәртібі мен мерзімін белгілейді.

3. Конверсиялауды жүргізу барысы, сондай-ақ конверсияланатын кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау шаралары (халықаралық, республикалық аймақтық) конверсиялау бағдарламаларында белгіленеді. Конверсиялау бағдарламаларын әзірлеу кезінде:

қорғаныс өндірісін дамытудың, қару-жарақ пен әскери техника берудің ұзақ мерзімді бағдарламалары;

жұмылдыру қуаттарын құру, сақтау және дамыту бағдарламалары; мемлекеттік (оның ішінде қорғаныс) мұқтаждар үшін өнім мен тауарлар беру жөніндегі тапсырыстар;

кәсіпорындардың азаматтық өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеуді және өндіруді игеру жөніндегі жоспарлары;

оқу орындарының, ұлттық ғылыми орталықтардың, ғылыми-зерттеу институттарының және басқа да ұйымдардың босатылатын өндірістік қуаттарды пайдалану жөніндегі ұсыныстары ескеріледі.

4. Мемлекеттік мұқтаждар үшін өнім беру тапсырысын жасау және қабылдау белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады. Мемлекеттік мұқтаждарды анықтаған кезде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі конверсиялаудың нақты деңгейін анықтау үшін әрбір кәсіпорын бойынша қорғаныс тапсырыстарының бәрін ескереді.

5-бап. Конверсиялауды қаржыландыру

1. Мемлекет конверсияланатын кәсіпорындарды қаржыландыруға басымдық беруді қамтамасыз етеді. Республикалық конверсиялау бағдарламаларын

қаржыландыру мемлекеттік бюджет, бюджеттен тыс қорлар, кредиттер, шетелдік инвестициялар, сондай-ақ кәсіпорындардың өз қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

2. Жаңа қуаттар жасаудың және халық тұтынатын жаңа тауарларды, өндірістік-техникалық мақсаттағы азаматтық өнімдерді игерудің республикалық конверсиялау бағдарламаларын қаржыландыру үшін Экономиканы жаңғырту қорынан жыл сайын қаражат бөлініп отырады.

3. Мемлекеттік тапсырыс қорғанысы көлемінің кемуі немесе болмауы себепті конверсияланатын кәсіпорындардың шеккен зияны конверсияланатын кәсіпорындарға Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейтін тәртіп бойынша өтеледі.

4. Конверсиялау кезеңінде, еңбекке ақы төлеу деңгейін сақтауға, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау шығындарына байланысты еңбек ұжымдары шығындарының ішінара орнын толтыру Мемлекеттік жұмыспен қамту қорының есебінен жүзеге асырылады.

5. Конверсияланатын кәсіпорындардың құрамынан мүліктік кешеннің жекелеген бөліктерін олардың келісімінсіз алып қоюға жол берілмейді.

6. Конверсияланатын кәсіпорындардың ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті алынған қаражатты конверсиялау бағдарламаларын қаржыландыру үшін аталған кәсіпорындарға қайтара отырып, олардың мүліктік кешенінің жекелеген бөліктерін сатуды жүзеге асырады.

7. Конверсияланатын кәсіпорындар жұмылдыру қуаттарын тиісті министрліктер мен ведомстволар бөлетін республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қолдауды қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімі бойынша, конверсияланатын кәсіпорындар жұмылдыру қуаттарын бейбіт уақытта азаматтық өнімдер өндіру үшін пайдалана алады.

3-тарау

Конверсияланатын кәсіпорынға берілетін өтемдер мен жеңілдіктер

6-бап. Конверсияланатын кәсіпорындарға берілетін өтемдер мен жеңілдіктер түрлері

1. Конверсияланатын кәсіпорындар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жоспарланатын жылға жыл сайын бекітетін тізбе бойынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерді және тұрғын үй қорын тапсырады, ал жергілікті атқарушы органдар оларды міндетті түрде өз балансына қабылдап алады.

2. Конверсияланатын кәсіпорындар меншік иесінің немесе ол уәкілдік берген органның рұқсатымен негізгі өндірістік қорлардың бір бөлігін жедел амортизациялауға, ескірген жабдықтарды сатуға, ал өндіріс толық конверсияланған немесе қару-жарақ пен әскери техниканың жекелеген үлгілерін шығару толық тоқтатылған жағдайда бірегей жабдықты конверсиялауға және тар шеңберде мамандандырылған жабдықтарды амортизациялаусыз есептен шығаруға құқылы. Жедел амортизациялаудың нормаларын және жедел амортизациялауға жататын негізгі өндірістік қорлар бөлігінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

3. Конверсиялау тізбесіне енгізілген кәсіпорындарға монополияға қарсы заңдар бір жыл бойы қолданылмайды.

4. Конверсиялау тізбесіне енгізілген кәсіпорындар: өз өнімдерін экспорттағаны және өндіріске қажетті шикізатты, материалдарды, жинақтаушы бұйымдарды импорттағаны үшін кеден бажынан б о с а т ы л а д ы ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің рұқсатымен өздерінің құрылымдық бөлімшелерінен тауарлар өндіруге және қызмет көрсетуге бағдарланған шағын кәсіпорындар, шаруашылық және өзге де қоғамдар мен серіктестіктер желісін құруға құқылы.

5. Жұмыс істейтін халқының жиырма проценттен астамы конверсиялау салдарынан жұмыстан босатылуға жататын қалалар мен поселкелерге " Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақ КСР Заңының 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті басым дамытылу аймақтары м ә р т е б е с і н б е р е а л а д ы .

Ескерту. 6-баптың 5-тармағының бірінші сөйлемі алынып тасталсын - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен.

4-тарау

Конверсияланатын кәсіпорындар қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы

7-бап. Әлеуметтік қорғалу құқығы

1. Конверсияланатын кәсіпорында жұмыс істейтін, сондай-ақ конверсиялау салдарынан жұмыстан босатылған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әлеуметтік қорғалуға құқылы. Конверсияланатын кәсіпорындар өз қызметкерлерін әлеуметтік қорғаудың қосымша шараларын е н г і з е а л а д ы .

2. Конверсиялау салдарынан жұмыстан босатылған кен, металлургия, радиохимия және уран өнеркәсібінің арнаулы құрастыру өндірісі

қызметкерлерінің жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақы алу кезеңі халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің шешімімен екі жылға дейінгі мерзімге ұзартылады.

5-тарау

Кәсіпорындардың конверсиялау жағдайындағы сыртқы экономикалық қызметі

8-бап. Сыртқы экономикалық қызмет түрлері

Конверсияланатын кәсіпорындар Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіп бойынша сыртқы экономикалық қызметке қатысуға құқылы.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіпке с ә й к е с к ә с і п о р ы н д а р :

шетелдерге қару-жарақ пен әскери техниканы, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканың құрамына кіретін арнаулы жүйелерді, кешендерді, жұмыс істейтін станоктарды, тораптарды, шикізаттың стратегиялық түрлерін, технологияларды, лицензияларды, "ноу-хауды", ғылыми-техникалық ақпаратты с а т у ғ а ;

шет мемлекеттерінің кәсіпорындарымен бірлесіп қару-жарақтың, әскери техниканың және "жұптап қолдану" техникасының үлгілерін әзірлеуге, сынауға ж ә н е ө н д і р у г е ;

әскери өндірісті конверсиялау барысында босайтын шикізатты, материалдарды, жабдықтарды азаматтық өнімдер өндіру үшін пайдалануға мүмкін болмаған ретте, оларды экспорттауға;

азаматтық мақсаттағы өнімдер өндіру жөнінде шетелдік әріптестерімен бірлескен кәсіпорындар құруға немесе конверсиялау барысында босайтын материал және еңбек ресурстарын пайдалана отырып қызмет көрсетуге;

қару-жарақ пен әскери техникада бұрын пайдаланылған және олар туралы деректер мемлекеттік құпия болып табылмайтын жаңа материалдарды, жабдықтарды, аспаптарды, жарнамалық технология суреттемелерін көрмелерде, жәрмеңкелерде, конференцияларда, симпозиумдарда көрсетуге құқылы.

Қазақстан Республикасының

Президенті